

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



«БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ
ҚҰЗЫРЕТТІ-БАҒДАРЛЫ ЖҮЙЕСІ»
44-ші ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

17-18 қаңтар 2014 жыл

3-кітап

МАТЕРИАЛЫ
44-ой научно-методической конференции
«КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ
СИСТЕМА ОЦЕНКИ ЗНАНИЙ»

17-18 января 2014 года

Книга 3

Алматы
«Қазак университеті»
2014

Материалы 44-ой научно-методической конференции «Компетентностно-ориентированная система оценки знаний». 17-18 января 2014 г. Книга 3. – Алматы: Казак университети, 2014. – 407 с.

ISBN 978-601-04-0273-7

В сборнике представлены материалы 44-ой научно-методической конференции КазНУ им. аль-Фараби по актуальным вопросам формирования компетенций обучающихся и компетентностно-ориентированной системы оценки знаний.

Материалы издаются в авторской редакции.

2. Б.К.Сарсембина, «12ж мектептегі «қоғамтануды» оқытудың ерекшеліктері». 12 жылдық білім.- республикалық ғылыми- әдістемелік және ақпараттық сараптамалық журнал., №9, 2006.
3. Ұ.Х.Есмағанбетова., «оқу- тәрбиесі үрдісін әлеуметтендірудегі ата-аналар орталығының рөлі». 12 жылдық білім.- республикалық ғылыми- әдістемелік және ақпараттық сараптамалық журнал., №9, 2006. 52-бет.
4. Ұ.Б.Жексенбаева., «12ж.б.б. құрылымдық- мазмұндық ерекшеліктері» 12 жылдық білім.- республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық сараптамалық журнал.№5, 2006.

Э.К. Қалымбетова , Д.Д. Дуйсенбеков ,Ж.С. Арынбаева

ЖОО-ДАҒЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол болашақ мамандардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [1].

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға студенттің хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде: мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады [2,3]:

- түйінді құзыреттер;
- жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- өмірлік дағдылар.

Бұл төрт бағыттың бәрі біздің мектептер үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектеп түлектерінің құзыреттіліктерін, олардың мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептесетін болады.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Бұл құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілік құрылымының негізі оның жеке тұлғалық қасиетіне яғни, педагогикалық коммуникабельділігіне байланысты. Болашақ маманның кәсіпқойды-тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын басқа да психологиялық терминдер бар, сол арқылы оқушылармен қарым-қатынастың деңгейі анықталады. В. А. Канн-Калик оны кәсіпқойды-педагогикалық көпшілдік деп атайды [4].

Көпшілдіктің дамуының жоғары деңгейі педагогикалық байланысқа бейімділіктің доминанты белгісі деп саналады. Дегенмен, көптеген психологтардың зерттеулері бұл ұсынысқа елеулі өзгерістер енгізуде. А.Л. Журавлев көпшілдік пен басқарушылық қабілетінің арасындағы тура ұқсастықтың жоқтығын дәлелдеді. Тұлғаның томен немесе жоғары көпшілдігі өзінен-өзі оның іскерлік қатынастарының орнауына әсер ете алмайды. Керісінше, жоғары көпшілдік алаңдатып, басқаларды тыңдауға мүмкіндік бермеуі мүмкін. А.Л. Журавлев қорытындылайды [5]:

«басқарушылықтың жоғары тиімділігін көпшіл және аса көпшіл емес адам да орната алады, бірақ қарым-қатынастың арнайы деңгейлерін сақтау қажет».

Қазіргі кезеңдегі болашақ маманның міндеті – жас буынды маман болу өнеріне баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп студенттің жеке қабілеті мен әлсуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. Құзырлылық – студент іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаналықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, студенттердің шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, студент шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады [6,7].

Шығармашылықты,

- біріншіден, студенттер дербес, өз бетімен ойдан жананы құрастырады,
- екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады.

Болашақ маманға жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты.

Экспериментті жүргізу үшін база ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих және филология мамандықтарының студенттері болды. Студенттердің жалпы саны – 60 адам.

Бақылау және эксперименталды топтарда тәжірибелік-эксперименттік зерттеу процесі кезіндегі коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалау нәтижелері 1 кестеде бейнеленген.

Кесте 1. Эксперимент соңындағы коммуникативті құзіреттілік компоненттерінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері.

Компоненттер	БТ (n=30)			ЭТ (n=30)		
	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары
Лингвистикалық	36,3 %	40,9 %	22,7 %	12,5 %	50 %	37,5 %
Когнитивті-операциялық	13,6 %	50%	36,4%	0 %	37,5 %	65,5 %
Тұлғалық	27,3 %	50 %	22,7 %	8,3 %	50 %	41,7%

Алынған мәліметтер келесі жәтті көрсетеді – коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу деңгейі екі топта да жоғары деңгейді көрсетті.

Бірақ, екі топтағы көрсеткіштердің осуіне қарамастан келесіні атап өтуіміз тиіс: эксперименттік топта коммуникативті іскерліктердің деңгейі бақылау тобына қарағанда жоғарырақ.

Болашақ мамандардың коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін эксперимент соңында бағалау, сонымен қатар, рейтингтік бағалау әдісі негізінде де жүргізілді, рейтингтік бағаны оқытушылар береді (2 кесте).

Тарих және филология мамандарының коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау әдісін қолдану келесіні анықтауға мүмкіндік берді-пәндер бойынша жақсы үлгеріп жүрген ЭТ студенттерінің 41,6% (10 адам) санында коммуникативті құзіреттіліктің жоғары деңгейі байқалынды. Осы студенттердің 22,2% (5 адам) саны түрлі деңгейдегі конференцияларды дайындау мен өткізу барысында өздерінің коммуникативті қабілеттерін белсенді түрде көрсетті.

Белсенділіктің орташа деңгейін 54,5% (12) студент көрсетті. Коммуникативті құзіреттіліктің төменгі деңгейін студенттердің 8,3% көрсетті, себебі – тұлғалық қасиеттер дамуының төменгі деңгейі, яғни осы жәйттің кесірінен студенттер өзара әркеттестік пен ынтымақтастық негізінде байланыс оранта алмаған.

Кесте 2. Тарих және филология мамандарының коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін рейтингтік бағалау әдісі негізіндегі көрсеткіштер

Деңгейлер	Бақылау тобы (n=30)				Эксперименталды топ (n=30)			
	Эксперимент басы		Эксперимент Соңы		Эксперимент басы		Эксперимент соңы	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Төмен	13	50	10	27,3	14	41,7	5	8,3
Орташа	12	41	14	50	13	45,8	16	54,5
Жоғары	5	9	6	22,7	3	12,5	9	41,6

1 сурет мәліметтері эксперимент барысында екі топ студенттерінің коммуникативті құзіреттілік қалыптасу деңгейінің пайыздық арақатынасының динамикасын көрнекі түрде бейнелейді. Егер ЭТ төмен деңгейге ие студенттерінің пайызы 41,7% -ден 8,3%-ке дейін азайса, яғни орташа деңгейге көшкен 3 адамға кем болса, онда БТ осы көрсеткіш 2 адамды құрады - 22,7%.



Сурет 1. Болашақ мамандарының коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасуының эксперимент барысындағы көрсеткіштері.

Алынған мәліметтер келесі жәйтті анықтайды: оқу іс-әрекетінде тарих және филология факультетінің студенттері тұлғасының даму процесінің интенсивтілігі оқу іс-әрекетінің мазмұны мен мәнінен тәуелді болады. ЭТ студенттерін семинарлық-практикалық тапсырмалар кешенін қолдана отырып оқыту процесі олардың әрқайсысының проблемалық жағдайларды, шығармашылық тапсырмаларды шешудегі белсенділігін қамтамасыз етеді. Дербес жұмыс үшін уақытты қобейту, оқытудың белсенді формаларын қолдану нәтижесінде студенттердің шығармашылық белсенділігі мен оқу үлгерімі жоғарылады, бұл, сәйкесінше, табыстырақ және сапалырақ оқытуға әсер етеді.

Болашақ маман көпшілігіне баға беру деңгейі

Зерттеу нәтижесі бойынша барлық зерттеуге қатысушылар коммуникабельді адамдар екендігі анықталды.

Әр қайсысына тоқталатын болсақ:

1. 50%- коммуникабельділіктің жоғары деңгейі (кейде қалыптан тыс болуы да мүмкін).
2. 32%- коммуникабельділіктің қалыпты деңгейі
3. 15%- қалыптан төмен коммуникабельдік деңгейі.

Қорытынды: зерттеуге қатысушылардың барлығы алғаш айтылған талаптарға сай яғни, барлық сыналғандар көпшіліктің жақсы деңгейінде, коммуникабельді адамдар болып табылады. Осыған сәйкес, болашақ педагогтар оқушылармен, олардың ата –аналарымен және өз әріптестерімен де жоғары дәрежедегі қатынастар орната алатын болады.

Педагогтың эмпатияға қабілеттілігінің бағасы

Ортақ баллдық санақ бойынша зерттелген топ жоғары деңгейдегі эмпатияға ие екендігі анықталды. Зерттелгендер, өзгелердің мәселеріне жан ашырлықпен қарап, көмекке дайын, көпшіл, тең қарым –қатынас орнатып, тіл табыса алатындықтары байқалды.

Атап отетін жәйт, зерттелген топтың 85% жоғары және өте жоғары дәрежедегі эмпатияға ие, мұндай көрсеткіш сирек кездеседі, және де 15% ғана эмпатияның қалыпты деңгейіне ие, мұндай көрсеткіш көптеген адамдарға тән.

Зерттелгендердің эмпатиялық дәрежесінің толық графигі:

- 1- 85% - жоғары және өте жоғары эмпатиялық деңгейде;
- 2- 15%- қалыпты эмпатиялық деңгейде.

Эмпатия түрлерінің қатынастық графигі:

- 1- Ата- аналарға деген эмпатия;
- 2- Қарттарға деген эмпатия;
- 3- Балаларға деген эмпатия;

- 4- Жан- жануарларға деген эмпатия;
- 5- Таныс емес адамдарға деген эмпатия.

Корытынды: бұл зерттелген топ барлық эмпатия түрлерінен орташа және жоғарыға жақын көрсеткіштерге ие болды. Бұл болашақ педагогтар үшін жаман қорытынды емес.

Эксперимент жүргізу барысында алынған деректерді талдап, оларды математикалық және статистикалық өңдеу әдістерін қолданып, студенттердің әр кезең нәтижесіндегі өзгеру динамикасы құрылды. Осылайша, тәжірибелік –педагогикалық жұмыс кезіндегі болашақ маманның коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткішінің динамикасына талдау жүргізілді.

Сонымен, тәжірибелік-психологиялық жұмыстың нәтижесінде егер жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқыту процесіндегі коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырса, іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негіз болатын теориялық білімдерін, жана технологияларды жобалау және пайдалану қабілеттерін, тәжірибелік дайындықтарын жүйелі түрде қалыптастыру жолымен жүзеге асырылатын болса, онда зерттелетін сапаны студенттерде тиімді қалыптастыруға болады деген жорамал расталды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ростунов А. Т. Формирование профессиональной пригодности. - М., 1984. – 176 с.
2. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. - М., 1957.
3. Рубинштейн С.Л. Мотивы поведения деятельности. М.: 1988. 136 с.
4. Сафин В.Ф. Роль самооценки в осознании себя студентами как субъекта педагогической деятельности. -М., 1980.
5. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека, М. "Школа-Пресс", 1995.
6. Унт И. Индивидуализация и дифференциация процесса обучения.
7. Харькин В.Н. Педагогическая импровизация// Педагогика. – 1989, №9.

Ғ. С.Кудербаева

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕЗІНДЕ БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Әр халықтың ғасырлар бойы мысқылдап жиналып, бейне бір арнасы кең өзендей асқар таудай болып қалыптасқан өзіне тән салт-сана, дәстүрлері болады. Бұл салт-сана, дәстүрлер сол халықтың адам тәрбиесі, адамгершілік дүниеге, өмірге көзқарасы мен рухани күйінен туған. Сол үшін де ол халықтың жан дүниесінің айнасы, ұрпақтарының кәдір тұтар мұрасы болып қалады.

Бірақ салт-сана, дәстүр біткеннің бәрі тапжылмайтын, өзгермейтін, қатып қалған дүние деп қарауға әсте болмайды, ол дәуірден-дәуірге, ұрпақтан-ұрпаққа өткен сайын, сол өзі өмір сүрген заманның, ортаның көзқарасына, қажетіне қарай мазмұнмағына алып, байып, жаңғырып отырады, жана, жас сипат алады. Яғни керектісі сақталады да, тозғаны өмір кешіне ілеспей қала береді. Мұның өзі табиғи тұрғыдан алып қарағанда заңды да.

Өйткені адамның тыныс-тіршілігі сол өмір сүрген қоғам өмірімен тұтасқан. Кісі өзінің жеке басының қамы үшін емес, қоғам мүддесі, ұрпақ болашағы үшін өмір сүруге, сол үшін игілік жасауы керек. Адамның, қуаныш, қайғысы да, салтанат, көргісі де, барлық байлық, ырыс-дәулеті де сол болмақ.

Күндсіздікті өміріне, экономикалық жағдайына, географиялық орналасуына, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты қазақ халқы табиғат қойнында бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан жұрт екенін байқаймыз. Мұндай жақындық оларды табиғатқа етене бауыр, жанашыл етіп жіберген сияқты. Халықтың табиғатқа деген көркемдік сезімін, ілтипатын, қадірлеп-қасиеттеуін көрсетілетін дәрежелерді тарихтан, ғана емес, бүгінгі өмір тағылымынан, тұрмыстың сан сала, сан тарауларынан кездестіреміз. Қай қазақтың босағасына бас сұқсаңыз да оюлы сырмақ, текемет, түс кигіз немесе айшықты ер-тоқым, тұрман, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары, я болмаса өрнекті киім-кешектің бір жұрнағын кездестіруіңіз мүмкін. Ол көзі қимай сақтаған секінің жұрнағы емес.

Халық санасына терең ұялаған, туған табиғатына тән көркемдік сезімнің бүгінгі күнге қажетсінуінен туған, болашақ ұрпаққа да сол мән-мағынасымен барар даңғыл жолы бар дәстүрлі дүние. Әртүрлі бұйымдарға түсірілген ою, айшық-өрнектердің қай-қайсысы болмасын өзімізді қоршаған табиғаттың бір бөлшегін көз алдымызға тартады. Түс кигізден тау жолдары, бұлақ сулары, даланың хош иісті гүл-бәйшешек жапырақтарын елестетсек, сырмақтардан малдың, аңдардың мүйіз-пұяқ үлгілерін, құстардың қанаты мен тұмсықтарының алуан суретін байқаймыз. Тұтас алғанда

Амирова Ж.Р. Система оценки знаний студентов на занятиях по дисциплине «профессионально ориентированный русский язык»	150
Dautova G., Utemgaliyeva N. Models and methods of students' test assignments	152
Екшембеева Л. Мироззренческая составляющая компетентностно-ориентированных форм контроля	154
Жусанбаева С. Білім беру ісіндегі оқыту әдістемесінің маңызы мен мәні	157
Zharganova A. Innovative teaching technologies	162
Какильбаева Э.Т. Приемы и формы оценки знаний магистрантов по анализу и интерпретации художественного текста	164
Мейрамғалиева Р.М. Формирование компетенции при трактовке образа аль-Фараби в условиях реализации новых программ по литературе	166
Нұрахмет С.М. Студенттердің белсенділігін арттыру амалдары	169
Абдикерова Г.О., Абдирайымова Г.С., Омарова А.Т. Методологические и методические подходы, рассматриваемые в рамках курса «Конструирование социальных проблем и социальные ландшафты»	172
Абжалов С. Дінтанулық білім беруде исламтануды оқытудың кейбір өзекті мәселелері	175
Амитов С.А., Чинаилова А.М. Визуалды әлеуметтануды оқытудың әдістемесі	178
Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық жобалау инновациялық технологиялар негізі ретінде	182
Бияздыкова К.Ә. Мәдениеттану мамандығын даярлаудағы оқу әдістемелік құралды құрастырудың сапасы	184
Вишневская А.В. Методы преподавания профессионально-этических основ социальной работы в высших учебных заведениях	186
Ертарғынқызы Д., Ельбаева З.У. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық құралдары	189
Жолдубаева А. Электронный учебник: информационные технологии в образовании	192
Зайнамова М. Р. Дарынды білім алушыларды білімін бағалау мен тәрбиелеудің ерекшеліктері	195
Затов Қ.А. Дінтану пәнін оқытудың өзекті мәселелері	198
Итахунова А.А. Білім алушыларды әлеуметтендірудің тетіктері және олардың мүмкіндіктері	200
Қалымбетова Э.К., Дуйсенбеков Д.Д., Арынбаева Ж.С. ЖОО-дағы оқыту процесіндегі студенттердің коммуникативті құзыреттілігінің психологиялық ерекшелігі	204